



### Өз елім менің

**Наурыз мейрамы** — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде *нава*=жаңа + *разанһ*=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (*но*=жаңа + *роуз*=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз "Халықаралық Наурыз күні" болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде "Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын" мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі (2010 жылдан бастап). Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.

### Алаштың ардақтылары

#### Әйел-халықтың құжаты



**Тұмар** (Томирис) (ж.ж.с.д. 570-520) — массагет халқының байырғы заманда ел билеген атақты әйелдерінің бірі.



**Домалақ ана**-Шын есімі Нұрила – есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі.



**Күләш Байсейтова**- Кеңес Одағының тұңғыш халық артисі, қазақтың бұлбұлы.



**Шара Жиенқұлова**- қазақ би өнерінің ханшайымы.



**Әлия Молдағובה**- Кеңес Одағының батыр қызы.



**Зейнеп Ахметова**- Бауыржан келіні - жазушы, қазақы дәстүрлерді насихаттаушы.

# Имандылық тұтқасы



**“Қызғалдақ”**  
қыз балалардың  
сырласу бұрышы

## Зергерлік сәндік әшекей бұйымдар



Қазақ әйелдерінің ең көп тұтынатын бұйымы – **білезік.**

Әйелдерге арналған әсем бұйымның бірі - **жүзік.**

Қазақ әйелдеріне арналған көркемдік бұйымның тағы бір түрі – **сырға.**

Қазақ әйелдерінің ең жеңіл бұйымдарының бірі – **алқа.**



Мойынға тағатын әшекей заттың бірі – **бой тұмар.**

Қазақтың бойжеткендері шаштарына **шолпы** таққан.



Жас әйелдердің көп қолданылған әсем бұйымының бірі – **шаш қалта.**

Қазақ келіншектерінің ең әдемі, ең көп қолданған әшекей заты – **түйреуіш.** Әсіресе, кербез әйелдер алтындаған, күмістеген және оқшантайлы **белбеу** буынған.



**“Толағай”**  
ер балалардың  
кеңесу бұрышы



## Ер жігітке қойылатын талаптар

### Кескін келбеті

«Еңсегей бойлы, терең ойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, қыр мұрынды, қияқ мұртты, кең иықты, шешен тілді, жау жүректі т.с.с»

### Қадір – қасиеті.

«Қырандай алғыр, сұңқардай ер, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қасқырдай өжет, нардай төзімді т.с.с»

### Қабілет икемі.

Ел басқаратын, дау шешетін, жомарттық жасайтын

### Зерде - зейіні

Тылсым сырды ұға алмайтын

### Өнер - өрісі

Өмірден әперер сыбағасын

### Тапқырлық - ерлігі

Дұшпанға найза сұға алатын

### Қайрат - қаруы

Аяқтан шалғанды жыға алатын

### Жігер - күші

Қиындықта сыналатын

### Білімі.

Биікке бастап шыға алатын

### Адалдығы

Туған елі мен дос – жарандарына адал болатын

### Әділеттігі

Қара қылды жаратын

### Шыншылдығы

Қаймықпастан, турасын айтатан


# Гимназия жаңалықтары



5 наурыз күні  
**«Ана бақыт, ана деген ақ арман»**  
атты «Инабат»  
қыз балалар  
клубы мен сыр

сұхбат кеші өткізілді. Сыр сұхбат кешіне Хромтау ауданы Әділет басқармасының жетекші маманы Низарова Гүлмира Ерланқызы қатысып, қыздарға тақырыпқа байланысты баяндама оқып, көптеген кеңестер берді.

6 наурыз күні  
**«Бағдаршам»**  
бағдарламасы  
негізі бойынша  
5-7 сынып қыз



балаларымен **«Қыздарға әсемдік жарасады»**  
атты қыздарға арналған кеш болып өтті. Кеш барысында 7ә сынып білім алушысы Сисенбекова Жазира жүргізушілердің сқұрақтарына ұтымды жауап бере отырып, шаш өруге байланысты қыздармен өз ойымен бөлісті. Сонымен қатар 4 қыздың шашын өріп, үлгілерімен таныстырды. Қыздар шаш өру мәселесі туралы өздерінің пікірлерін ортаға салып, «Егер де мен...» айдары бойынша сауалдарға жауап берді.



7 наурыз күні  
гимназиямыздың  
«Ұлағат» ер  
балалар клубының  
ұйымдастыруымен  
**«Әлемнің жарығын**

**сыйладың сен маған»** атты мерекелік құттықтау сазды кеш болып, әндер айтылып, билер орындалды, жақсы тілектер айтылды.

Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесіне орай **«Қош келдің, нұрлы Наурыз!»** атты мерекелік шара өткізілді.

Барлық кластарда «Үздік тәрбие сағаттары» байқауы өткізілді. Нәтижесінде бастауыш сыныптар арасында I орынға 2 «ә» класы, класс жетекшісі Қысырауова Шынар, II орынға 3 «ә» класы, класс жетекшісі Сүйіндікова Гүлмира, III орынға 1 «а» класы, класс жетекшісі Саимова Сайран, және 4 «а» класы, класс жетекшісі Әбденова Гүлнар ие болды.



5-11 кластар арасында  
I орынға 7ә класы,  
класс жетекшісі  
Керимова Гүлжазира,  
II орынға -6ә сыныбы  
Абдуллина Самиға,

III орынға 5сынып, сынып жетекшісі Сәрсембаева Айсәуле ие болды. Мереке барысында бес тас, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық, гiр көтеру сияқты ұлттық ойындар ойнатылып, 9-11 сыныптар наурыз көже таратты. Мереке сазды бағдарламамен аяқталды. Спорттық ойындардан оза шыққандар, үздік тәрбие сағаттарын өткізген сыныптар гимназия директорының алғыс хаттарымен марапатталды.



Дайындаған: **Жуминова Аружан**

# Ұша білген қанатқа дүние кең

**Тапқыш болсаң, тауып көр!**

## Жиренше мен 17 түйе

Баяғыда бір бай ажалы жетіп, қайтыс болар шағында өзінің үш баласын шақырып алып, артында қалған 17 түйесін бөледі. Тұңғыш баласына қарап: - Балаларымның үлкенісің ғой, сен түйенің 2-ден 1 бөлігін ал. Ортаншы балам, сен түйенің 3-тен 1 бөлігін ал. Кіші балам, саған мен түйенің 9-дан 1 бөлігін қалдырамын, - деп көз жұмып, о дүниеге кете барады. Балалары әрі ойланып, бері ойланып, әкелері айтқан амалды шеше алмайды. Сөйтіп, олар Жиреншені шақырады. «Жиренше келеді», - дегенді естіген жұрттың бәрі алаңға жиналады. Жиренше өзі бір түйеге мініп келеді. Сөйтіп, 17-түйеге өзінің түйесін де қосып жібереді. 18 түйені ол ыңшыңсыз әкесінің өсиеті бойынша бөліп береді. Жиреншенің тапқырлығына риза болған халық бұл оқиғаны бірінен біріне айтып, осы уақытқа дейін жеткізген екен. Міне, ал, балалар, бар оқиға осы. Сонда Жиренше түйелерді қалай бөлді екен,ә!

## Қанша тұяқ?

Тоғыз қойдың  
Ақпанда  
Егіз туды жетеуі.  
Қырға көшіп жатқанда,  
Жалқы туды екеуі.  
Тағы да бір тұсақ бар,  
Қысыр қалды ол бірақ та.  
Біздің үйде ұсақ мал  
Жетті неше тұяққа?

**Ұсынған: Серикова Зарина**

**Сен білесің бе?**

## Жетілік ұғым

Табиғаттың тылсым сыры көп. Көшпенділер ұғымында күннің көзі 7 бөлікке бөлінеді. Аптада 7 күн. Бір ғажабы бұл атаулар өзгермейтін өлшем бірліктері. Қазақта 3, 5, 7 сандары киелі сан болып есептеледі. Жаңа туған нәрестенің шілдеханасы 7-ші күні жасалады. Қайтыс болған кісінің 7-сі беріледі. Білімдар кісіні «7 жұрттың тілін біледі» дейді. Көкте 7 қабат, жерді 7 қат деп түсіндіретін сол ата-бабалар. Тіпті жұт 7 ағайынды деген сөздің де өзі тұрмыстық жағдайдан келіп туындайтын байлам! Әз Тәукеханның 7 жарғысы мен 7 қазына деген атаулардағы 7-лік санның тектен тек тумағандығы айқын. Қауіп-қатерден аман қалған адам үшін, не анасы, не жұбайының 7 шелпек пісіруі не садақаға 7 түрлі нәрсе таратуы да наным түсініктен ғана тумаған құбылыс екен. «7-ге келгенше жерден таяқ жейсің», «7 атасын білмеген - жетесіз» деген даналық тұжырымы, ұрпақ көшінің үзілмеуін тілеген ізгі ниеттен шыққан.

Апта – «жеті» деген сөзді білдіреді

## Жеті күнді санау

1. Бүгін
2. Ертең
3. Бүрсігүні
4. Арғы күні
5. Қасиетті күн
6. Соңғы күн
7. Азына

**Бас редактор: Елеусизова Әлия Мухамбетқызы**

Тарату бөлімі: "Құбылнама" клубы  
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.  
Мекен жайы: Хромтау қаласы  
Әуезов көшесі 126  
№6 Хромтау гимназиясы

